

Дәстүрден тыс сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: «Менің әлемім»

Мақсаты:

Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, қиялын, эстетикалық талғамын қалыптастыру, өз эмоциясын сурет арқылы жеткізе білуге үйрету.

Міндеттері:

- Балаларға сурет салудың дәстүрден тыс түрін ұсыну (саусақпен, мақтамен, қылқаламсыз т.б.);
- Қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту;
- Түстермен жұмыс жасауға, реңктерді таңдауға үйрету;
- Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

- Түрлі түсті бояулар
- Сулы майлықтар
- Мақта таяқшалары, саусақ бояу, картон
- Табиғат бейнелері, көңілді әуен

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Балаларды жылы көңіл-күймен қарсы алу. «Бүгін біз әрқайсымыз өз қиялымыздағы әлемді салып көреміз. Бұл әлем сендердің армандарың, қуаныштарың, жақсы көретін заттарыңнан тұруы мүмкін.»

2. Негізгі бөлім:

Балаларға саусақпен, мақтамен, немесе бет орамал бұрышымен сурет салу әдістері көрсетіледі.

Балалар өз ойындағы «Менің әлемім» тақырыбында еркін сурет салады. Әр бала өз жұмысын қалаған тәсілмен орындайды.

3. Сергіту сәті:

Қимылды ойын немесе музыка арқылы демалу.

4. Қорытынды:

Балалардың салған суреттері талқыланады. Әр бала өз «әлемі» туралы қысқаша әңгімелейді.